



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2021 жылғы «9» желтоқсан

Тараз қаласы

№ 284

город Тараз

«Жамбыл облысында денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспарын бекіту туралы» Жамбыл облысы әкімдігінің 2021 жылғы 28 қыркүйектегі №215 қаулысына өзгерістер енгізу туралы»


«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 9-бабы, 2-тармағының 18-9) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 8 сәуірдегі «Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспарларын қалыптастыру, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жамбыл облысында денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспарын бекіту туралы» Жамбыл облысы әкімдігінің 2021 жылғы 28 қыркүйектегі №215 қаулысының 1 тармағында көрсетілген 2021-2030 жылдарға арналған өңірлік перспективалық жоспары жаңа редакцияда бекітілсін.

2.«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде осы қаулыдан туындайтын қажетті шаралардың қабылдануын камтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Облыс әкімі



Б.Сапарбаев

Жобаны ұсынушы:
Жамбыл облысы әкімдігінің
денсаулық сақтау басқармасының
басшысы

А.Калиев